

«Bektrestin»

Мектеп директоры:  М.К.Кулшарипа



Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жапындағы

«Бала би» мектепке дейінгі шағын орталығының

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ

БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ұйымдастырылған іс-әрекетінің ортаңғы тобының

қыркүйек айына арналған перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеші: Сағынбаева Г.Қ

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталық

Топ: орта

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **қыркүйек** айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Маман жосары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дағдыларды қалыптастыру: дауысты дыбыстардың (а, у) және кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуы: (п-б) Сөздік: ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: сөздерді тегі, саны, жағдайы бойынша Үйлестіру. Келісілген сөйлеу. Дағдыларды қалыптастыру: суреттерді, заттарды қарау кезінде үйлесімді сөйлеу, тірі және жансыз табиғат объектілерін бақылау; шағын өлеңдерді жаттау; ересектердің сөйлеуін тыңдау және түсіну.</p>
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Балаларды оқыту: тыңдау, ертегінің мазмұнын түсіну, бейнелі сөздерді есте сақтау.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ тілдерімен топтарда) осы сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету. Сөздік қоры: туыстарын (әке, ана, ата, әже, апа және басқалары) білдіретін сөздердің мағынасын, үй тұрмысындағы кейбір

		заттардың, жемістердің атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөз тіркестерін және сөйлеудің байланысты бөліктерін түсінуге үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер)
	Математика негіздері	Сандар. "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру Дағдыларды қалыптастыру: біртекті заттардан топтар құру және олардан біреуін бөлу; топтық бөлмедегі заттардың айырмашылықтары және олардың санын анықтау. Шамасы. Заттардың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін деген түсінік беріңіз. Дағдыларды қалыптастыру: ұзындығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы. Дағдыларды қалыптастыру: геометриялық фигураларды тану және атау; фигуралардың пішінін зерттеу. Кеңістіктегі бағдарлау. Дене мүшелерінің орналасуын бағдарлай білуге үйрету. Дағдыларды қалыптастыру: дененің бөліктерінде (бас, аяқ, қол) атау және бағдарлау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Күн райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.
	Құрастыру	1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;
	Сурет салу	Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: 1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);

	Мүсіндеу	1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
	Жапсыру	1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету; 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;
	Музыка	Музыка тыңдау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; 2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; 2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: орта

Балалардың жасы: 3 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі: 05-09 қыркүйек 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.09.22	Сейсенбі 06.09.22	Сәрсенбі 07.09.22	Бейсенбі 08.09.22	Жұма 09.09.22
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	. "Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Балаларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. (математика негіздері)	"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.) Педагог: -Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдындағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал	"Менің ең жақын досым - менің анам" әңгімелесу. . "Менің ең жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын молайту. (сөйлеуді дамыту,қазақ тілі) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар мен қасқыр". Балалардың қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз	"Менің отбасым" дидактикалық ойыны. . Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын анықтамалармен толықтыру. Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі: - Сенің отбасың қандай? - Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбекқор, кітап оқиды,	Амансың, алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Дөңгелене кілемге жайғасады, бәрі бірге қайталайды. Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай

		да, оны бөлек жерге қой", - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет. (математика негіздері,қазақ тілі)	ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	саяхаттауды, спортты жақсы көреді), өйткені . (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту).	еркелетегіні жайлы әңгімелесу. (қазақ тілі,сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жаттығулар кешені.</p> <p>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2."Шапалақтаймыз" Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді) Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)</p> <p>3. "Көңілді баламыз". Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 рет Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Менің отбасым" тақырыбында балалармен әңгімелесу.	"Отбасындағы сыйластық" әңгімелесу.	"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны. Барысы: тәулік бөліктері	"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.	Математика негіздері. "Шкафқа не

	"Отбасы" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою. (сөйлеуді дамыту)	"Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту)	жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту.	Ойын шарты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.	жиналғанын санайық". Шарты: балалардың әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	Дене шынықтыру Маманның жоспары бойынша "Бауырсақ" ертегісін оқу (көркем әдебиет) Сюжетті-рөлдік ойыны: "Отбасы" Мақсаты: ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру. (Сурет салу,мүсіндеу) "Бауырсақ" Қылқаламен дөңгелек пішіндерді салу,бауырсақ тәрізді.Ермексазды кішкентай бқлшектерге	Дене шынықтыру Маманның жоспары бойынша (Сурет салу,құрастыру) "Дуал" Балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішіні бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; Конструктор ойыншықтардан дуал құрастыруға бейімдеу. (мүсіндеу,жапсыру) ""Әжем пісірген тәттілер"	Музыка "Көңілді балалар" Балаларға балабақша туралы әнді тыңдату. Сурет салу Балаларға екі паралельді сызықтың ұштарын көлденең қосып,төртбұрышты пішінді,ұшбұрышты пішінді шатырды,қарапайым ғимарат бейнесін салуды үйрету. (Мүсіндеу) "Менің ыдысым" Түрлі әдістерді қолданып,ыдыс аяқ жасау тісілін үйрету.	Дене шынықтыру Маманның жоспары бойынша "Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Барысы: қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. (математика негіздері) Көркем әдебиет	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Ормандағы оқиға". Барысы: балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. Мүсіндеу,сурет салу,жапсыру "Сұр қоян".Барысы: балаларды

	<p>бөліп бәліштер санын көбейту.</p> <p>(құрастыру, жапсыру)</p> <p>Берілген әр түрлі суреттердің бір бөлігін тауып сәйкестендіру қажет. Сурет үлгісі бойынша.</p> <p>Балалардың таңдауы бойынша ертегіні оқып беру.</p>	<p>Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, түрлі нан өнімдерін жасауға үйрету;</p> <p>Бауырсақ пішінді дөңгелек пішіндерді қағаз бетіне ұқыптылықпен орналастыру.</p> <p>(Көркем әдебиет)</p> <p>"Жеті лақ ертегісі" ертегіні көгілдір экран арқылы көрсету.</p>	<p>(көркем әдебиет)</p> <p>"Тәрбиеші"</p> <p>Тәрбиеші өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету.</p> <p>(Құрастыру, жапсыру)</p> <p>"Балабақша біздің үйіміз"</p> <p>Текше, ұшбұрыш, тақтайша бар құрылыстардың екі қабатты балабақшаны құрастыруға үйрету. Пішіндерді қағаз бетіне жапсыру арқылы балабақша үйін бейнелеу.</p>	<p>"Маша мен аю"</p> <p>"мультфильмі"</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу.</p> <p>"Әжем пісірген піспенанды безендірейік".</p> <p>балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету;</p> <p>оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту.</p>	<p>бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету. Қоян суреті бейнеленгін суретті бояу. Түсті қағаздан қиялған қоянның құлақтарын жапсыру.</p>
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.
Серуен	<p>Жерде жатқан жапырақтарды бақылау.</p> <p>Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту;</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Ауа-райын бақылау.</p> <p>Өсімдіктер тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>"Күз келді бақшама".</p> <p>Барысы: балабақша маңайында ауа-райын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Жерде жатқан жапырақтарды бақылау.</p> <p>Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту;</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>"Күз келді бақшама".</p> <p>Барысы: балабақша маңайында ауа-райын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата</p>

					білуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимыл-қозғалыс ойындары: “Аттар” балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ өзара жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек	"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Барысы: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін	Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана". Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады.	Жапсыру, құрастыру "Менің әжем". Шарты: балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы кесілген шеңберден әженің денесін қағаз бетіне құрастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп әженің шашын жапсыруға үйрету.	Құрастыру. "Ханзада бақа". Барысы: балаларды ағайынды Гриммдер "Бақа ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруға үйрету.

		жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.	Басында педагог диалогтарды түзетіп, күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады.		
Балалармен жеке жұмыс	"Қуыршақтар" Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Қуыршақтар күлімдейді: - Кел, ойнайық! - дейді. Қуыршақты тербетейік: - Ұйықташы, - дейік. Д. Ахметова	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек - көмек, Орган терек - бөлек, Шылдыр шүмек - керек, Кішкентай бөбек - көбелек, көбелек. Д. Ахметова	"Айна" ойыны. зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту.	Сергіту сәті" Шарты. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жаттықтыру. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы. - Сары күнге ұқсап, Біз жүреміз "сапсап". Бұлт келсе қаптап, Жаңбыр жауар "там-там".
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі".				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: « Бала би» шағын орталығы

Топ: орта

Балалардың жасы- 3 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 қыркүйек 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 12.09.22	Сейсенбі 13.09.22	Сәрсенбі 14.09.22	Бейсенбі 15.09.22	Жұма 16.09.22
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Шарты: балалардың жыл мезгілері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін талқылау. (Қазақ тілі,сөйлеуді дамыту)	"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Шарты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (Математика негіздері)	Шаттық шеңбер «Қайырлы күн!» Жарқырап күн де ашылады, Айналаға нұр шашылады. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар? Кәне атап жиберіңдерші Қазір күздің қай айы? Бүгін ауа-райы қандай болып тұр? Балалардың жауаптары.	«Мозаика» Шарты: Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру.	Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. шарты: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу.

			(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)		
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен)</p> <p>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "міне" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "міне", "міне" дейді.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қуанамыз күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз.</p>	<p>Шаттық шеңбер</p> <p>Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз</p>	<p>"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.</p> <p>Барысы: ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Бұл ненің жапырағы?"</p> <p>дидактикалық ойыны. Шарты: өсімдікті жапырағынан тануға үйрету, зейінін дамыту. Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды.</p>	<p>Қозғалыс ойындары "Лақтыр — ұста", "қайда жасырылғанын тап". Шарты: допты лақтыру және аулау жаттығуы; кеңістікте бағдарлай білуге үйрету. Жеке жұмыс «Ойыншықтарды жина». Шарты: зейінділікті дамыту. Тәжірбие «Жапырақтар</p>

					кұрғақ және балғын» - заттардың қасиеттерін ажырату және атау, олардың сапасын анықтау, ұғымдарды қалыптастыру «біреу-көп» (қорш орта танысу, математика негіздері
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p> <p>Математика негіздері "Күн тәртібі" Шарты: Балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру; "танертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру; күн тәртібін пысықтау; "үлкен-кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау. Дамытушы жаттығу. "Біреу және көп".</p> <p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ"</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p> <p>Көркем әдебиет «Балабақша» (әңгіме құрастыру)</p> <p>Құрастыру "Мен және менің отбасым". балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету;</p>	<p>Музыка "Әлди-әлди" Шарты. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>Мүсіндеу " Қоян-менің сүйікті ойыншығым" Барысы : Ермексазды домалату, шымшу, жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуге үйренеді, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> <p>Сурет салу "Топтағы шкафтар" Түзу сызықтарды</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу. Барысы: балаларға тәуліктің бөліктері күн мен түн құбылыстары туралы түсіндіру, әңгімелеу.</p> <p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ" Балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуға үйрету, саңырауқұлақты</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p> <p>Көркем әдебиет «Мен не оқығанымды біл» - Шығармалардың (өлеңдер, ертегілер, әңгімелер және т. б.) жанрларын ажырата білу</p> <p>Сурет салу «Кемпіркосақ» түстерді тану дағдыларын қалыптастыру.</p>

	<p>Балаларға қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуға үйрету; жаңбыр ыамшыларын жапсыру, тамшы бейнесін мүсіндеу.</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын "Қуыршақты тамақтандыр". Шарты. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар ұйымдастыру.</p>	<p>қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуға үйренеді. Құрастыру "Достарға саты" екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруға үйрету. Мүсіндеу, жапсыру "Үйдің есігін жабайық" Дайын суреттегі үйдің есігін ермексаздан есікті жасау арқылы, үйдің есік бейне тұсына ораналастыра жапсыру.</p>	<p>ермексаздан жасау, түсті қағаздардан қиылған саңырауқұлақты жапсыру.</p>	<p>Жапсыру "Көк тудың желбірегені". Шарты: балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаулігін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруға; күн және күн шуақтарының үстіне тарыны, қыран үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруға үйрету.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.</p>

					қадағалау.
Серуен	<p>Күз келді бақшама. Барысы: балабақша маңайында ауа-райын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>(Қоршаған ортамен танысу) Заттар әлемі (ойыншықтар, ыдыстар) Барысы: Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. . Шаттық шеңбер Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүйеміз. Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан.</p> <p>Балалар, қуыршақ, доп, ыдыс-аяқ бір сөзбен қалай атауға болады? (Ойыншық). -Не үшін керек бұл заттар? Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан ойыншықтар туралы оның неден, қалай жасалатынын</p>	<p>Құстарды бақылау. Жаздағы құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Аудағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру. (Қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Математика негіздері "Тәулік бөліктері". Барысы: балалардың тәулік бөліктері жөнінде, "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көркем әдебиет "Он екі ай ертегісі" Көгілдір экран арқылы көрсету мультфильмді</p>	<p>Желді бақылау Желді күні қандай өзгерістер болатындығына назар аударту. Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа есетінін бақылайды. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. . (Қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Математика негіздері " Заттар тобын салыстыру" Шарты: Үлкен-кіші ұғымын айыра білу. Қарандаштарды салыстыру. Құрастыру, жапсыру "Ханзада бақа". Шарты : балаларды ағайынды Гриммдер "Бақа ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруға үйрету. Түсті қағаздан бақа бейнесін</p>	<p>Жапырақтардың толық түсуін бақылау (Қоршаған ортамен танысу) Жұмбақ. Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру:</p> <p>«Киім дүкені» Шарты: ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p>

		білгісі келетіні айтады.		сәйкестендіру.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Құрастыру "Достарға саты" Мақсаты. Балалардың құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруға үйрету.	Жапсыру Балабақша ауласындағы көбелектер Шарты : Үлгіге қарап, қағаз бетіне көбелектерді жапсырады. Жапсыру дағдыларын қалыптасады. Сурет салу Досымның үйі Шарты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе алады. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығы артады.	«Жұбын тап» ойыны Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер. Ойын барысы: балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады.	Үстел ойындары: лото, домино. "Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту.	Дидактикалық ойын «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер». Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды. Тәрбиеші ненің

		<p>(Көркем әдебиет) Т/бы: Ойыншықтар өлеңі. Н. Әлімқұлов.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Ойыншықтар" дүкені</p>			<p>төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Апта күндерін жаттау. Апта тақырыбына байланысты тақпақтар жаттау.</p>	<p>Театрды сахналау. "Қасқыр және жеті лақ" ертегі желісін саусақ театры арқылы сахналау.</p>	<p>Сюжетті ойын «Көкөністер дүкені». ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту.</p>	<p>Театрды сахналау. "Қасқыр және жеті лақ" ертегі желісін саусақ театры арқылы сахналау.</p>	
Балалардың үйге қайтуы	<p>Өңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі".</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: орта

Балалардың жасы- 3 жас

Педагогтың аты -жөні: СағынбаеваГүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі 26-30 қыркүйек 2022 ж


Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 26.09.22	Сейсенбі 27.09.22	Сәрсенбі 28.09.22	Бейсенбі 29.09.22	Жұма 30.09.22
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны. Шарты: үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру; жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.</p>	<p>Шаттық шеңбер Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын.</p>	<p>"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны. Мақсаты: жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту.</p>	<p>"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны. Шарты: үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру; жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.</p>	<p>"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны. Шарты: жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту.</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен)</p> <p>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "міне" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 ретқайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p>				

	<p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "міне", "міне" дейді.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Барысы: педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарайды. Ойын ережелерін түсіндіре отырып, педагог бүкіл суретті бөлек бөліктерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені еске түсіреді.(құрастыру)</p>	<p>Менің үйім" үстел үсті ойыны. Шарты: құрылыс бөлшектерден үй жасау.(құрастыру)</p> <p>Көркем әдебиет «Балабақша» (әңгіме құрастыру)</p>	<p>"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету.</p>	<p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Барысы: педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарайды. бүкіл суретті бөлек бөліктерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені түсіндіру.</p>	<p>Шаттық шеңбері Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын.</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p> <p>Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі "Қазақстан туралы әңгімелесу" Мақсаты. Балаларға Қазақстан</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет". дұрыс бағытта</p>	<p>"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p> <p>"Қолымда не бар?" дидактикалық ойыны. Шарты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке , үлкен - кіші, оң - сол жайлы</p>	<p>Математика негіздері "Көп аз!"ұғымдарын түсіндіру.</p>

	Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы жөнінде, Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету.	жүгіруді үйрету.	дамыту. (қазақ тілі,сөйлеуді дамыту)	білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Қайыңды бақылау.(қоршаған ортамен танысу) Шарты: жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; Өзіндік еркін ойын әрекеттері	Ауа райын бақылау.(қоршаған ортамен танысу) Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруға үйрету. "Аққу-қаздар", "Ұстап ал". Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету;	Ауа райының жағдайын бақылау.(қоршаған ортамен танысу) Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауға үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.	Жыл құстарын бақылау. .(қоршаған ортамен танысу) Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.	Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін	Балаларды киімдерін	Балаларды киімдерін	Балаларды киімдерін	Балаларды

	жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу	жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу	жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу	жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу	киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Көзінді жұмып, қолыңмен анықта" дидактикалық ойыны. Шарты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. (Математика негіздері)	Сурет салу "Жалауша" Балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуға үйрету.	Музыка "Жаңбыр" Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру;	1. Құрастыру «Карлсонға үй саламыз» Шарты: Балалар құрылыс блоктарымен үй жасауды біледі. Түсін, пішінін, көлемін ажыра алады.	
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығулар. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	"Туған елдің ұлымын" тақпағын жаттау. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.	"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны. Шарты: балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. 1-нұсқа - затты қолмен ұстап санау; 2-нұсқа - қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау.	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру	
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі".				

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  М.К.Кулерина



Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жапындағы

«Бала би» мектепке дейінгі шағын орталығының

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ

БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ұйымдастырылған іс-әрекетінің ортағы тобының

қазан айына арналған перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеші: Сағынбаева Г.Қ

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: орта

Балалардың жасы: 3

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
қазан	Дене шынықтыру	Маман жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; - артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор. - заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы: - зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану; Байланыстырып сөйлеу. - шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау; - ересектердің сөзін тыңдау және түсіну; - сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану; Күтілетін нәтижелер: - барлық сөз таптарын қолданады; - қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; - сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады. Оқу, әңгімелеу. кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға; Күтілетін нәтижелер: - таныс ертегілерді сахналауға қатысады;

		-әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін сақтайды;
Көркем әдебиет		
Математика негіздері		Дағдыларды қалыптастыру. бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау; Шама. -биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. -пішін түрлерін зерттеу. -тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Күтілетін нәтижелер: -геометриялық пішіндерді таниды және атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш; өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады -тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды.
Құрастыру		бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; Күтілетін нәтижелер: - құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; өзі құраған құрылысын қуыршақтың, ойыншықтардың өлшемдерімен үйлестіреді;
Қоршаған ортамен танысу		-қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікте бағдарлау; - заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау,қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: -қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды;
Сурет салу		-бірнеше тік және көлденең сызықтардан

		<p>заттарды салу (дуал, ағаш);</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>-пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген.</p>
	Жапсыру	<p>-түрлі пішіндегі қазақ оюының кейбір элементтерін қағазға орналастыру;</p> <p>-желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану;</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>-ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдаланады.</p>
	Мүсіндеу	<p>-Табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту.</p> <p>-Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>- сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытады; алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі;</p> <p>-мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндей алады (аққала, поезд, шарбак, моншақ, сырға).</p>
	Музыка	<p>- музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.</p> <p>- ойындарға, хор айтуға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>-әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді;</p> <p>-бір-біреуден, жұптаса ауыса отырып, би қимылдарын орындайды, жануарлардың қимылдарын ұқсатады;</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: орта топ

Балалардың жасы- 3жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі: 03-07 қазан 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 03.10.22	Сейсенбі 04.10.22	Сәрсенбі 05.10.22	Бейсенбі 06.10.22	Жұма 07.10.22
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу	Әсем әуенмен қарсы алу	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.	Баланың бойындағы өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме	Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың қалай бейімделіп, не үйреніп жатқаны туралы әңгіме	Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту	"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.	"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету.	"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру	"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.

Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде <ol style="list-style-type: none"> 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</p>	<p>"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны. аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту</p>	<p>"Көп және біреу" дидактикалық ойыны. Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.</p>	<p>"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сурет салу "Саябаққа күз келді". Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге</p>	<p>Құрастыру "Сары жапырақтар жерге түсті". Балаларға құрастыруға икемді қағазды жұмарлау,</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</p>

		<p>түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуға үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты".</p>	<p>бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуға үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау. Құрылыс нәтижесімен ойнату.</p>		
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Құстарды бақылау. көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету.</p>	<p>Сауысқанды бақылау. сауысқанның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>Ауа-райын бақылау. маусымдық өзгерістер туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру; бақылауды дамыту, талдауға, қорытынды жасауға үйрету.</p>	<p>Шетенді бақылау. шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Қимыл-қозғалыс ойыны. "Жапырақтар". балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге деген ұмтылысты ынталандыру.</p>

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздері "Сан алуан жапырақтар" Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз өлшемін, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	Қоршаған орта "Аула сыпырушы". Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын: "Аула сыпырушының құралдарын тап".	Мүсіндеу "Әжем пісірген тәттілер. Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, түрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есу мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту	"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады.	Музыка "Ару күз" Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру;
Балалармен жеке жұмыс	"Күз" тақпағын жаттау.	"Жау, жау, жаңбыр!" Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі	"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Өз қаласы туралы,	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.	Жыл мезгілі жайлы әңгімелесу. Қарапайым

		<p>өлең, тақпақтарды айтқызу. "Жау, жау, жаңбыр!" (Шәміл Мұхаметжанов) Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сен едің. Жас егін де ержетіп, Желкілдетсін желегін.</p>	<p>ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген қызығушылығын арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек.</p>	<p>заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>сұрақтарға толық жауап беру іскерліктерін жетілдіру.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Жадынама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады".</p>	<p>"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.</p>	<p>"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.</p>	<p>Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: орта

Балалардың жасы: 3 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі: 10-14 қазан 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.10.22	Сейсенбі 11.10.22	Сәрсенбі 12.10.22	Бейсенбі 13.10.22	Жұма 14.10.22
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу	Әсем әуенмен қарсы алу	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	"Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске деген аллергиясы жөнінде".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Аманбысың, алтын күн!	"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.	. "Күз" мезгілі туралы әңгімелесу. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көру. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру.

			Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер.		
Таңертеңгі жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне", "міне" деген сөзді айтады. 2.2. Б.қ. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Б.қ. аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Б.қ. аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму. 4.2. Б.қ. алақан ашып "міне" деген сөзді айтады (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".	"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны. Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады. Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды.	"Күз" дидактикалық ойыны. Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және т.б.) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды. Мысал: күн бұлттың	Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны. Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: "Бұл үйеңкі жапырағы", т.б., Содан кейін үлкен	"Қай көкөністі жіберіп алдық?" дидактикалық ойыны. Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, оның бүгінгі туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар келіп көптеген сыйлықтар әкелді. Ересек адам қоянның алдына көгөністер-сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі

			артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және т.б.	карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды.	атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Сурет салу "Сәбіз". Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл-сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту. Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік".	Мүсіндеу "Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көкөністер". Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Сергіту сәті. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Пошташының жұмысын бақылау.	Аула сыпырушының жұмысын бақылау.	Сауысқанды бақылау. Күздің басындағы	Күзгі жаңбырды бақылау.	Мысықты бақылау. Мысыққа тән

	табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.	сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу	құстардың тіршілігі туралы білімдерін байыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Батыл балалар" ойыны. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.	табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.	ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқан".
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту. "Жеміс-көкөніс" дидактикалық ойыны. Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білімдер аясын кеңейту. Дидактикалық ойын: "Жеміс-көкөніс".	Қоршаған орта "Себеттегі жемістер". Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. "Дәмінен таны" дидактикалық ойыны.	Математика негіздері. "Күзгі қоректер". Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Тышқан мен тиінді қоректендірейік". Қазақ тілі	Көркем әдебиет "Күз келді". Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру.	Музыка "Себеттегі жемістер" Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен ажырат".

			<p>"Күз мезгілі. Алтын күз". "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімді сөздер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру.</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы ә Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Жаңбыр" (Рамазан Тышқанбаев) әңгімелесу.</p>	<p>"Күзде" тақпақ Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p>	<p>"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру</p>	<p>"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту</p>	<p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары"</p>	<p>"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.</p>	<p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу.</p>	<p>Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы- 3 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі: 10-14 қазан 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.10.22	Сейсенбі 11.10.22	Сәрсенбі 12.10.22	Бейсенбі 13.10.22	Жұма 14.10.22
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу	Әсем әуенмен қарсы алу	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	"Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске деген аллергиясы жөнінде".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Аманбысың, алтын күн!	"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.	. "Күз" мезгілі туралы әңгімелесу. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көру. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру.

			Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер.		
Таңертеңгі жаттығу	<p>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)</p> <p>1. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне", "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Б.қ. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Б.қ. аяқ алшақ, дене бос, қол төменде.</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Б.қ. аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Б.қ. алақан ашып "міне" деген сөзді айтады (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	<p>"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны</p> <p>Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады.</p> <p>Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".</p>	<p>"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады.</p> <p>Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды.</p>	<p>"Күз" дидактикалық ойыны.</p> <p>Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және т.б.) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды.</p> <p>Мысал: күн бұлттың</p>	<p>Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны.</p> <p>Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар.</p> <p>Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды:</p> <p>"Бұл үйеңкі жапырағы", т.б.,.</p> <p>Содан кейін үлкен</p>	<p>"Қай көкөністі жіберіп алдық?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, оның бүгінгі туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар келіп көптеген сыйлықтар әкелді.</p> <p>Ересек адам қоянның алдына көгөністер-сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі</p>

			артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және т.б.	карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды.	атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Сурет салу "Сәбіз". Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл-сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту. Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік".	Мүсіндеу "Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көкөністер". Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Сергіту сәті. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Пошташының жұмысын	Аула сыпырушының	Сауысқанды бақылау.	Күзгі жаңбырды	Мысықты бақылау.

	бақылау. табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.	жұмысын бақылау. сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу	Күздің басындағы құстардың тіршілігі туралы білімдерін байыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Батыл балалар" ойыны. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.	бақылау. табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.	Мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқан".
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту. "Жеміс-көкөніс" дидактикалық ойыны. Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білімдер аясын кеңейту. Дидактикалық ойын: "Жеміс-көкөніс".	Қоршаған орта "Себеттегі жемістер". Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. "Дәмінен таны" дидактикалық ойыны.	Математика негіздері. "Күзгі қоректер". Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Тышқан мен тиінді қоректендірейік".	Көркем әдебиет "Күз келді". Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру.	Музыка "Себеттегі жемістер" Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен ажырат".

			<p>Қазақ тілі "Күз мезгілі. Алтын күз". "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімді сөздер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру.</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы Ә Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Жаңбыр" (Рамазан Тышқанбаев) әңгімелесу.</p>	<p>"Күзде" тақпақ Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p>	<p>"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру</p>	<p>"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту</p>	<p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары"</p>	<p>"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.</p>	<p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу.</p>	<p>Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы- 3 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі: 17-21 қазан 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.10.22	Сейсенбі 18.10.22	Сәрсенбі 19.10.22	Бейсенбі 20.10.22	Жұма 21.10.22
Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	"Демалыс күнін балаңызбен қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Апта күндері" дидактикалық ойыны. апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету. "Нан дастарханға қалай келеді?" Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Балабақша ережесін сақтау" тақырыбында әңгімелесу. Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу. "Лото" үстел үсті ойыны (отбасы). Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің	"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы. Балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю,	Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем". Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі	"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен

		фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.	біріне түйістіру) Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту) Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)	қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)	секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі 1. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне", "міне" деген сөзді айтады. 2.2. Б.қ. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Б.қ. аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Б.қ. аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму. 4.2. Б.қ. алақан ашып "міне" деген сөзді айтады (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны. Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды.	"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны. Барысы: педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайнер және т.б.)	. "Құймақты жай" дидактикалық ойыны. Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше.	"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны. Барысы: балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген	"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" Барысы: шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады.

				суреттерді тандайды.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Сурет салу "Тандыр нан". Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын-ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; "Қандай тағам?" дидактикалық ойыны.	Қоршаған ортамен таныстыру. Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; Ас атасы – нан туралы ұғым беру.	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Музыка Ас - адамның арқауы". Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру;
Серуенге дайындық	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!"				
Серуен	Күн-жылу мен жарық көзі. Күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзінді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай	Желді бақылау. Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.	Суды бақылау. ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру;	"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)". "Жаңбыр жауғанда" балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру.	Суды бақылау. Судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру.

	аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.				
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. "Таза сумен Алинұр, Беті-қолын жуды. Оған қарап Дария, Суға қолын созды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту "Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу. Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагог соңынан қайлап айтуда жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету. "Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.	Математика негіздері "Әженің бауырсақтары". Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту. "Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны	Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі	Құрастыру "Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары". Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмарлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмарлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруға үйрету. "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Бұл ойынды әуелі	Жапсыру "Аспазшы" әртүрлі домалақ, сопақша пішіндерін жапсыруды үйрету; қиылған кесінділерді қағаз бетіне дұрыс орналастыруды; белгілі бір заттың бейнесін жапсыруды үйрету. көрнекіліктер: суреттер, ақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім.

		<p>Барысы:Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру.</p>	<p>тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсеңдету үшін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем</p>	<p>жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.</p>	
--	--	---	--	---	--

			<p>безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.</p>		
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту</p>	<p>"Жауын" тақпағын Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Жауын" (Төленді Нұрмұхамедов) Қызыл отты қамшысы Көкке жарқыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады. Жаңбыр жауып өтеді: Қуанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді,</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту</p>	<p>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз". Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына</p>	<p>Жұмбақ жаттау. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.</p>

		Бір шомылып алғанда-ақ!		қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.	
Балалардың үйге қайтуы(ата аналармен әңгімелесу)	Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	"Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".	Ата-аналарға арналған сауалнама. "Отбасындағы салауатты өмір салтының шарттары".	Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: « Бала би» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы- 3 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі: 24-28 қазан 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.10.22	Сейсенбі 25.10.22	Сәрсенбі 26.10.22	Бейсенбі 27.10.22	Жұма 28.10.22
Балаларды қабылдау	балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	"Неліктен балалар әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			"Құс қайда?" дидактикалық ойыны. қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру. "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні	"Лото "Құстар"" үстел ойыны. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша. "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы. балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен	Саусақ жаттығуы. балаларды қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды.

			бойынша сәйкес келетін гүлді табады.	бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады.	
Таңертеңгі жаттығу	<p>"Қуыршақпен ойнаймыз". Б.к. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде, 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда, 1-2 денені оңға, солға бұру, б.к. келу. Б.к. қуыршақты кеудеде ұстау, 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 б.қ. келу (3рет). Б.к. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық			"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Барысы: педагог мезгілді: "Күз" деп атайды. Содан кейін ол жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғайады; үлпілдек ақ	Шаттық шеңбер Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда	"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. балаларға біздің жердің қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік


			қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді.	достыққа тәрбиелеу. Кел достарым, келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді.	қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден таба білуге үйрету; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет			Жапсыру "Торғайды жаңбырдан жасырайық". Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік аппликация үлгісін жасауға үйрету. Саусақ жаттығуы.	Сөйлеуді дамыту "Ұшты-ұшты жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы." Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру. Сөздік жаттығу. "Есте не сақтадық?".	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Музыка "Торғай". Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту; музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға дағдыландыру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен			Ағаштар мен бұталарды бақылау. ағаштар мен	Құстарды бақылау (көгершін). көгершіннің сыртынан	Құстарды бақылау. "Қарлығаш". Балаларды

			<p>бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Ағаштар қыста қалай қыстап шыққандығын тексеру.</p> <p>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.</p> <p>- Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады?</p> <p>- Тағы қандай өзгерістер болады?</p> <p>- Ағаштар ауаның ластануынан ауаны тазалайды. Сондықтан адамдар ағаштарды көп отырғызады.</p>	<p>танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>қарлығаштың сыртқы келбетімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>қарлығаштың тіршілігін бақылау қабілетін қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			<p>Математика негіздері "Ақ үйрек, сары үйрек".</p> <p>Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын</p>	<p>Көркем әдебиет "Құстар неге сөйлемейді?"</p> <p>Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік</p>	<p>Сурет салу "Көлде жүзген үйрек".</p> <p>Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды</p>

			<p>пысықтау; есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту.</p> <p>Үстел басындағы дамыту жаттығуы.</p> <p>"Балапанды тауып алайық".</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>"Көкөністер мен жемістерді жинаймыз" балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>жемістер мен көгөністердің ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау. Жемістер мен көгөністер".</p> <p>Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер".</p> <p>Сөздік жаттығу "Не жасырылған? Бұл не?".</p>	<p>қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету.</p> <p>"Жыл құстарын тап" ойыны.</p>	<p>толықтыру.</p>
Балалармен жеке жұмыс			Жаңылтпаштар айтқызу.	Артикуляциялық жаттығулар.	Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел

			<p>Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады.</p> <p>Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш.</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.</p>	<p>аузынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан.</p>
Балалардың үйге қайтуы(ата аналармен әңгімелесу)		"	"балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	"Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу.

«Бекіткенді»

Мектеп директоры:  М.К.Кулшарина



Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жанындағы

«Бала би» мектепке дейінгі шағын орталығының

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ

БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ұйымдастырылған іс-әрекетінің орталығы тобының

қазан айына арналған перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеші: Сағынбаева Г.Қ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ/сынып: Ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Байланыстырып сөйлеу:</p>

	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Математика негіздері	Шама Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.
	<p>Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым!</p> <p>Д/О: «Сипаттамасы бойынша таны» Екі затты өлшемі бойынша салыстыру ұзын-қысқа, биік-аласа Ұғымдарын бекіту. Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуді үйрету. (математика негіздері) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз.</p>	<p>Шаттық шеңбері Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.</p> <p>Д/О: «Биік (ұзын, үлкен, кең, жуан) не болды?» Өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету. Тапсырманы орындауға жаттықтыру. Екі затты өлшемі бойынша салыстыру ұзын-қысқа, биік-аласа Ұғымдарын бекіту. Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету. (математика негіздері) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сергіту сәті Қане балалар, тұрамыз Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз Жүзіп- жүзіп аламыз.</p> <p>Д/О: «Кім ережені бұзды?» Балаларды жолдағы</p>	<p>Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым!</p> <p>Д/О: « Біреу және көп» Бір және көп заттарды ажыратта білуге үйрету. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. Сұраққа толық жауап беруді үйрету. (математика негіздері) (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.</p> <p>Д/О: «Керсінше айт» Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуді үйрету. Үй – аласа, Құбыр –ұзын. Шыбық – жіңішке, Ағаш- жуан. Үстел – үлкен, Орындық- кішкентай. (математика негіздері) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сергіту сәті Қане балалар, тұрамыз Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз</p>	<p>Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым!</p> <p>Д/О: «Қояндар» Көңілді көңілсіз әуенді ажырата білу қабілетін дамыту. Музыкалық шығарманың дауысын ақырын-қатты, қарқыны жылдам-баяу, көңіл-күйі мұңды, көңілді байқауға үйрету. Ұқтап жатқан қояның суретін салуды үйрету. (музыка) (сурет салу)</p> <p>Д/О: «Қандай пішін жетіспейді?» Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. (математика</p>

	<p>Д/О: «Менің сүйікті ертегім» Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды үйрету. Балалардың пікірлерін тыңдау.Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атауды үйрету. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажыратуға үйрету. Достыққа адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. (көркем әдебиет) (сурет салу)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю</p>	<p>жағдайлар мен оларды талдау арқылы жол ережесін сақтауға үйрету. (қоршаған орта)</p> <p>Т/Б: «Айлакер түлкі» Ертегі суреттерін балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды үйрету. Балалардың пікірлерін тыңдау.Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау. Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Түлкінің бейнесін тұтас қағаз парағына орналастыруды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін қолдануды үйрету. (көркем әдебиет) (сурет салу)</p>	<p>Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз</p> <p>Д/О: «Бұл мен, бұл менің барлық достарым» Жолда және көшеде жүру ережелері туралы білімдерін бекіту. (қоршаған орта)</p> <p>Т/Б: «Айна» Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау. Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балалардың пікірлерін тыңдау. Ертегі кейіпкерлер бейнесін тұтас қағаз парағына орналастыруды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін қолдануды үйрету.</p>	<p>Жүзіп- жүзіп аламыз.</p> <p>Д/О: «Көлік түрін анықта» Көлік құралдарын көліктердің түрлеріне байланысты ажырата білуге үйрету. Жеңіл көлік бейнесін тұтас қағаз парағына орналастыруды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. (қоршаған орта) (сурет салу)</p> <p>Картонан қиылған дайын пішіндерден жеңіл машина құрастырып жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)</p>	<p>негіздері)</p> <p>Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз</p> <p>Д/О: «Суретші қай жерден қателесті?» Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету. Балаларды қыс мезгілінде болмайтын көріністерді табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту) (қоршаған орта)</p> <p>Т/Б: «Қызыл телпек» Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды үйрету. Балалардың пікірлерін тыңдау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі</p>
--	--	---	--	---	--

	тәсілдері арқылы өрнекті кесені мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)		(көркем әдебиет) (сурет салу)		үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Картонан қиылған дайын пішіндерден мұнара құрастырып жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	«Азды бақылау» Қыс мезгіліндегі күнің суықтығы – аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуіде мүмкін екенін, сол үшінде қолғап, мойын орағыш тағатынымызды түсіндіру. Қ/О: «Сырғанақ тебу»	«Қырауды бақылау» Балаларға қыраудың қалай болатынын түсіндіру. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Қ/О: «Суық қойлар»	«Қыстап қалатын құстарды бақылау» Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағұлмат беру. Қ/О: «Кім жылдам?»	«Суық торғайды бақылау» Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суық тоғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болсада тоңбайтыны сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. Қ/О: «Суық қойлар»	«Мұзды бақылау» Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер иен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес	Д/О: «Жолды анықта»	Картонан қиылған	Т/Б: «Үй	Т/Б: «Құлыншақ»	Кесектерді

<p>іс-әрекеті</p>	<p>Үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау, әңгіме құрастыра білуді үйрету. Балалар қандай көшелермен келетінін, қай жаққа бұрылатыны туралы әңгіме құруды үйрету. (қоршаған орта)</p> <p>Картонан қиылған дайын пішіндерден үлгіге қарап үстел және орныдық құрастырып жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)</p>	<p>дайын пішіндерден үлгіге қарап төсек құрастырып ою – өрнектермен жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)</p> <p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы сырға мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p>	<p>жануарлары» Үй жануарлардың, төрт түліктің атауларын айтуды үйрету және түсіну дағдыларын қалыптастыру. (қазақ тілі)</p> <p>Картонан қиылған дайын пішіндерден ғимарат құрастырып жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы тостаған мен ожау мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p>	<p>Өленің мағынасын түсінуге, кеіпкерлер іс- әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы дастарханды мүсіндеу арқылы әшекейлеуді үйрету. (мүсіндеу)</p>	<p>алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қошақан мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Зере, Рахым, Әлинұр, Әділханға екі затты өлшемі бойынша салыстыру ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын қайталап бекіту.</p>	<p>Иманәлі, Қобыланды, Ихсанға қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін дұрыс қолдануды үйрету.</p>	<p>Зере, Ақназар, Нұрәсем мен Еркемайға «Көп», «Бір» ұғымдары туралы түсініктерді қайталап бекіту.</p>	<p>Нұрәсем, Иманәлі, Ақназар, Рахымға көлік құралдарын көліктердің түрлеріне байланысты қайталап ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Зере, Нұрәсем, Рахымға Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету.</p>
<p>Балалардың үйіне қайтуы</p>	<p>Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Жасы: 3

Педагогтың аты-жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2023ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертенгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (көркем әдебиет) «ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша				

	әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Маманың жоспары бойынша.			Денешынықтыру Маманың жоспары бойынша.	Денешынықтыру Маманың жоспары бойынша.
	Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым! Д/О: «Сиқырлы қапшық» Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Затты ұстап көру арқылы , пішінін анықтауды үйрету. (математика негіздері) Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. Д/О: «Жол әліппесі»	Шаттық шеңбері Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз. Д/О: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Сипап- сезу арқылы заттың ұзын-қысқалығын анықтауды үйрету. (математика негіздері) Сергіту сәті Қане балалар, тұрамыз Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз Жүзіп- жүзіп аламыз. Д/О: «Жақсы әдет» «Жаман әдет» Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа	Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым! Д/О: «Зейінді бол» Биік және аласа ұғымдардың бекіту. Логикалық ойлауын дамыту. Биік үстел мен аласа орындық мүсіндеуді үйрету. (математика негіздері) (мүсіндеу) Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. Д/О: «Өзі және отбасы» Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру,	Шаттық шеңбері Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз. Д/О: «Ұзын-қысқа» Ұзын-қысқа ұғымдарын бекіту. Өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету. Тапсырманы орындауға жаттықтыру. (математика негіздері) Сергіту сәті Қане балалар, тұрамыз Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз	Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым! Д/О: «Қолымда не бар?» Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін ояту. (математика негіздері) Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. Д/О: «Менің ата-аналарымның мамандықтары» Балаларды ата-аналарының мамандықтары туралы білімдерін кеңейту. Балалармен отбасындағы


	<p>балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету. Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.</p> <p>(қоршаған орта)</p> <p>Д/О: «Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат»</p> <p>Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету.</p>	<p>жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.</p> <p>(қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Д/О: «Әдемі гүлдер»</p> <p>Әдемі гүлдердің суретін салуды, бедерлеп мүсіндеуді, жапсыру кезіндегі іскерлік дағдыларды еркін меңгеруге үйрету. Қиылған ұсақ бөлшектерден өздеріне таныс гүлді құрастыру. Гүлдің құрылысын беруде түстердің үйлесімділігін табуға, кеңістікте дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру.</p> <p>(құрастыру) (сурет салу) (жапсыру) (мүсіндеу)</p>	<p>бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді «бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас» атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>(қоршаған орта) (қазақ тілі) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Д/О: «Оюлы сырмақ»</p> <p>Балалардың ұлттық тұтынатын бұйымдар жайындағы түсініктерін жетілдіру. Текеметтен сырмақтың айырмашылығы неде екенін байқап, ерекшелігін білуге үйрету. Қолөнер шеберлерінің еңбегін, туған халқының мәдени мұрасымен сәндік қолдаңбалы өнерінің түрлерімен таныстыру. Сырмаққа оюды құрастырып</p>	<p>Жүзіп- жүзіп аламыз.</p> <p>Д/О: «Бір және көп»</p> <p>Балабақшада мамандықтар туралы білімдерін бекіту, мамандықтар атауларына байланысты көп сандарды атауға үйрету. Мамандықтарды жекеше көпше түрде айтуды үйрету.</p> <p>(қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Д/О: «Көңілді түстер»</p> <p>Балаларды негізгі және құрама түстермен, түстерді араластыру принциптерімен таныстыру.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы перамида мүсіндеуді үйрету.</p> <p>(мүсіндеу)</p>	<p>ересек адамдардың мамандықтары мен атқаратын іс-әрекеттері туралды әңгімелесу.</p> <p>(қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Д/О: «Музыкалық жұмбақ»</p> <p>Қатты, ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>(музыка)</p> <p>Д/О: «Сикырлы түстер»</p> <p>Ойын барысында балалардың назарын және түрлі түстер мен реңктерге қызығушылығын, табиғат сұлулығын қабылдағанда қуаныш сезімін дамыту.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы күн мүсіндеуді үйрету.</p> <p>(мүсіндеу)</p>
--	--	---	--	--	---

	Салт- дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. Қазақ халқының әшекей бұйымы білезікпен таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып білезік мүсіндеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту) (мүсіндеу)		жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен	Т/Б: «Суық торғайды бақылау» Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтыны сол себепті суықторғай деп атағанын	Т/Б: «Қар жауып тұрған құбылысты бақылау» Балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптас-тырып, толықтыра түсу. Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.	Т/Б: «Аязды бақылау» Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы	Т/Б: «Қыстап қалатын құстарды бақылау» Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер» деген	Т/Б: «Адамдардың қысқы еңбегі» Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру. Қимылды ойын: «Ақ қоян». Еңбек: Ауладағы қарды тазалау.

	түсіндіріп көрсету. Еңбек: Қар күреу. Қимылды ойын: «Суыққойлар»	Қимылды ойын: «Ақ қоян»	қарды күреу. Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу».	ұғымды қалыптастырып, қам қорлықпен қарауға үйрету. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Еңбек: Құстарға жем шашу.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Т/Б: «Қолғап» (өлең) Ә. Дүйсенбиев Өлеңді тыңдап қыс ерекшелігін түсіндіру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Тұтас қағаз парағына қолғап бейнесін орналастыру арқылы, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.	Т/Б: «Үйшік» ертегі Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)	Балалар қылқалам, бояуды пайдаланып қысқы табиғатты сала білуді үйрету. (сурет салу) Т/Б: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Үстел үсті театры әңгімелеу. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)	Т/Б: «Қасқыр мен ит» ертегі. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)	Т/Б: Үй жанауарлары. (өлең). Балалар үй жанауарларының атын үйрету. Адамдарға пайдасы туралы білімдерін бекіту. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Балаларды қазақ халқының тұрмысымен таныстыру. Табақты ою-өрнектерді құрастырып жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)

	<p>(көркем әдебиет) (сурет салу)</p> <p>Д/О: «Ою құрастыру» Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру. Дайын картон қиындыларынан қиылған оюды құрастырып жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)</p>			<p>Балалардың пойыз туралы білімдерін бекіту. Теміржолда жүретін көлік екенін түсіндіру. Дайын картон қиындыларынан пойызды құрастырып жапсыруды үйрету. (құрастыру) (жапсыру)</p>	
Балалармен жеке жұмыс	Зере, Еркемай, Рахым, Әлинұр заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға қалыптастыру.	Рахым, Ақназар, Айзере, Қобыланды, Иманәліге ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң- сол жайлы білімдерін қалыптастыру.	Рахым, Еркемай, Иманәлі, Зереге биік және аласа ұғымдарды қалыптастыру.	Зере, Рахым, Қобыланды, Иманәліге зат есімнің көпше түрін пайдалануды қалыптастыру.	Рахым, Зере, Айзере, Қобыланды, Иманәліге ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін қалыптастыру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  М.К.Кулсарина



К.Шанғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жанындағы

«Бала би» мектепке дейінгі шағын орталығының

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ

БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ұйымдастырылған іс-әрекетінің ортаңғы тобының

ақпан айына арналған перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеші: Сағынбаева Г.Қ

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру	<p>Дербес қимыл белсенділігі</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p>

	<p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>
Мүсіндеу	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p> <p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Жасы: 3 жас

Педагогтың аты-жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспарланған күні: ақпан айы 2022 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 6.02.2023	Сейсенбі 7.02.2023	Сәрсенбі 8.02.2023	Бейсенбі 9.02.2023	Жұма 10.02.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Танертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы				

	<p>Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (көркем әдебиет) «ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Маманың жоспары бойынша.			Денешынықтыру Маманың жоспары бойынша.	Денешынықтыру Маманың жоспары бойынша.
	<p>Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым!</p> <p>Д/О: «Қандай пішін шықты?» Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білуді үйрету. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. (математика негіздері)</p>	<p>Шаттық шеңбері Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</p> <p>Д/О: «Қандай пішін жетіспейді?» Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. (математика негіздері)</p> <p>Сергіту сәті Қане балалар, тұрамыз</p>	<p>Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым!</p> <p>Д/О: «Ұзын – қысқа» Өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету. тапсырманы орындауға жаттықтыру. Екі затты өлшемі бойынша ұзын-қысқа салыстыру. (математика негіздері) Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып,</p>	<p>Шаттық шеңбері Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</p> <p>Д/О: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. (математика негіздері)</p>	<p>Шаттық шеңбері Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған ,көк аспан! Сәлеметсіңдер ме достарым!</p> <p>Д/О: «Қай қолымда көп?» Аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. - «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету,</p>

	<p>Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз.</p> <p>Т/Б; «Үй жануарлары адамдарға не береді?» Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Үй жануарларын ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. (қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі</p>	<p>Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз Жүзіп- жүзіп аламыз.</p> <p>Т/Б: «Орман – бұл жануарлар мен құстар мекені» Балалардың орман, жануарлар мен құстар туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар мен құстарды ажырата білуге үйрету. Жануарлар мен құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қоян туралы түсінік беру. Қоянның дене бөліктерін атай білуді, қоянның дене бөліктерін қағаз бетінде дұрыс құрастырып орналастыра білуді үйрету. Жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызыл, көгілдір, сұр) қолдану арқылы ұзын ағаш пен қысқа ағаштың суретін салуды үйрету. (сурет салу)</p> <p>Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз.</p> <p>Т/Б: «Өнер кәсіптегі адам еңбегі» Балалардың өнеркәсіп туралы, ондағы адам еңбегі туралы білімдерін кеңейту; Есте сақтау, зейін қоя білу қабілеттерін дамыту;</p>	<p>Сергіту сәті Қане балалар, тұрамыз Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз Жүзіп- жүзіп аламыз.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы әдемі құыршақ мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p> <p>Т/Б: «Медбике жұмысымен танысу» Балалар жеке еңбек процесстерімен танысып, әр еңбектің жемісін көрсетіп түсіндіру. Медбике бөлмесімен танысу.</p>	<p>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. (математика негіздері)</p> <p>Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз.</p> <p>Т/Б:«Топтағы жиһаздар» Балаларды топтағы жиһаздардың құрылысын айыруға бағыттау. Пішіні, көлемі, түр-түсіне қарай айыра білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту, дұрыс айтуға үйрету. (қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану арқылы үй жануарларының суретін салуды үйрету. (сурет салу)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ешкі мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Дайын қағаз қиындыларынан</p>	<p>(жапсыру) (құрастыру)</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану арқылы қояның суретін бояуды қылқаламмен салуды үйрету. (сурет салу)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қоян мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p>	<p>Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. (қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Д/О:«Сенің ойыншығын қандай?»</p> <p>Сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын (көлемі, түсі, пішіні, қандай материалдан жасалғаны және не үшін керектігі) білдіретін сөздермен толықтыру. (қазақ тілі)</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ойыншық мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған</p>	<p>«Градусник, бинт, дәрі» байлайды, «өлшейді» деген сөздер енгізу, сөздік қорына енгізу . Д/о «Емхана» (қоршаған орта) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Кеңістік ұғымдары туралы түсініктерін нақтылау.</p> <p>Балалардың көркемдік талғамын қалыптастыру.</p> <p>Шығармашылық жұмыста саусақ қызметін дұрыс білуге тәрбиелеу.</p> <p>Әдемі бұршақты көйлекті құрастырып жапсыруды үйрету. (жапсыру) (құрастыру)</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып,</p>	<p>өрнектерді жапсыру арқылы кілемді құрастырып жапсыруды үйрету. (жапсыру) (құрастыру)</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану арқылы кілемді қылқаламмен бояуды үйрету. (сурет салу)</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас,</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>кұрастырып «Табақты әшекейлейміз» жапсыруды үйрету. (жапсыру) (кұрастыру)</p>		<p>дайын заттардың пішіндерін казак оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ыдысты әшекейлей білуді үйрету. Ою-өрнектерді ажырата білуді үйрету. Кесені құрастырып, жапсыру арқылы үйрету. (жапсыру) (кұрастыру)</p>	<p>қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызыл, көгілдір, сұр) қолдану арқылы құыршаққа көйлек салуды және бұршақтарды мақта таяқшалары арқылы салуды үйрету. (сурет салу)</p>	<p>асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді үйрету. (музыка) Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы балапанды мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Боранды бақылау. Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете</p>	<p>Мұздақты бақылау. Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар</p>	<p>Адамдардың қысқы киімін бақылау. Қысқы киім үлгісімен таныстыру. Атауларын дұрыс айтуға үйрету.</p>	<p>Қарғаны бақылау. Қарғаның дене пішіні, түсі және қалай дыбыстайтынын бақылай отырып,</p>	<p>Қысқы ауа-райын бақылау. Қыстағы ауа райы салқынды, боранды, аязды болатынын. Бүгінгі ауа-райын айтындаршы.</p>

	<p>түсіндіру.</p> <p>Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Ауызы жоқ ұлиды.</p> <p>(Боран)</p> <p>Қ/О: «Ұстап қал» Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын». Айналадағы адамдарға ілтипатпен қарау. Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол. Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу.</p> <p>Еңбек: «Таза жолдар».</p>	<p>үю.</p> <p>Еңбекқорлыққа үйрету.</p> <p>Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату</p> <p>“Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз)</p> <p>Көркем сөз: Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Мұз туралы түсінік беру.</p> <p>Жұмбақ, тақпақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» онды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.</p>	<p>Еңбек: Қар тазалаушы машинаның еңбегін бақылау.</p> <p>Жұмыстың бәрі жақсы екендігін айту.</p> <p>«Еңбек түбі- береке»сөзінің мағынасын түсіндіру, еңбексүйгіштікке баулу.</p> <p>Жеке жұмыс: Тамаша, тамаша Шыршамыз тұр жараса Басында әсем жұлдызы Көз тоймайды қараса.</p> <p>Өлеңді жаттату арқылы сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін арттыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Ұстап ал!» балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын</p>	<p>барлық құстарға ортақ қасиеттерді айырып, оларға қамқор болуға үйрету.</p> <p>Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю.</p> <p>Балаларды еңбекқорлыққа, ұқып тылыққа баулу.</p> <p>Үйілген қардың маңызын түсіндіру.</p> <p>Жеке жұмыс: Мынау қарға, қарғалар. Жерде жүріп жорғалар. Тамақ тапса қарқылдап, Таппаса ұшар жалпылдап. Тақпақ жаттату арқылы балалардың сөздік қорларын байытып, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын: «Қыстап қалған құстар».</p>	<p>Балалар қысқы күннің ерекшеліктерін айту.</p> <p>Қимылды ойындар: «Тондырамын». Шанамен екі-екіден сырғанаймыз.</p> <p>Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Іздерінен қар ұшып Жеке жұмыс: Қыстың үш айын үйрету, ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>Сұрақ-жауап. Балалардың қыс мезгілі өз ойларын айтуы.</p> <p>Еңбек. Күрекпен қарды жинау, аула сыпырушы атаның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Тақпақ жаттау. Ертеңгісін байқадым, Жердің беті ақ қырау. Дәл маржан деп айтамын, Төгілуге шақ тұр- ау</p>
--	--	--	---	---	---

	Ауладағы жолды қардан тазалау. Еңбекқорлыққа баулу.		дамыту.	Қыстап қалған құстарды және қыстамайтын құстарды атай білуге, олардың айырмашылықтарын айыра білуге үйрету.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Т/Б: «Көкек» (ертегі) Ертегіні оқып жеткөзу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көруге, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін сезуге, өз ойларын жаткізе білуге баулу; балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. (көркем әдебиет)	Т/Б: «Әдептілік әлемі» өлең оқу «Әдептілік әлемі» өлеңін мәнерлеп оқу, сөз мағналарын түсіну, өлең арқылы балалардың шығармашылығын дамыту. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)	Т/Б: «Қызыл телпекті қыз» (ертегі) Ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге көмектесу. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың	Т/Б: «Дәрігер Айболит» (ертегі) Балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынас білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік	Т/Б: «Құлыншак» (өлең) Балалар көркем әдебиетіндегі адамгершілік әлемімен таныстыру. Туынды мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Әдеби кейіпкерлердің бейнесі мен ересектерге жақсы қарым-қатынасты үлгі ету. (көркем әдебиет)

			әрекеттерінің салдарын талқылау. (көркем әдебиет)	беру. (көркем әдебиет)	
Балалармен жеке жұмыс	Зере, Иманәлі, Рахым мен Әлинұрға геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелек туралы білімдерін қалыптасыру.	Иманәлі, Ихсан және Ж. Айшамен орман, жануарлар мен құстар туралы білімдерін кеңейту.	Рахым, Зере, Ж.Айшаға екі затты өлшемі бойынша ұзын-қысқа салыстыруды үйрету.	Рахым, Зере, Иманәлі мен Әлинұрға ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	Зере, Иманәлі, Рахым мен Әлинұрға аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 13 - 17 ақпан 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. Сөйлеуді дамыту	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Математика негіздері	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. Жапсыру	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. «Қай аспап жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес: Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат.	Ата-аналарға кеңес: Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Құрылысшы Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп,	Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу. Құрастыру	«Дөңгелектер» Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру. Мүсіндеу	«Сипап көр» Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. Математика негіздері	Құрастыру «Машина» Мақсаты: Құрлыс материалдарының негізгі бөліктері мен

